


## Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2 «Б» сынып оқушыларымен

### 2021-2022 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысына

#### талдау

Жаңа оқу жылының басында балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, тәрбие жұмысының жоспары жасалып бекітілді. Барлық тоқсанда да осы бекітілген жоспарға сай тәрбие сағаттары өткізілді. Қыркүйек айында жоспарға сәйкес азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағытында «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл», рухани-адамгершілік бағытында «Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл», отбасы тәрбиесі бағытында «Отбасы-бақыт мекені», экологиялық тәрбие бағытында «Еңбек бәрін жеңбек», салауатты өмір сүру салты бағытында «Тұмау-қатерлі дерт» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Адам табиғаттың бір бөлшегі екендігі, айналамызды таза ұстау керектігі жөнінде айтылды. «Тұмау-қатерлі дерт» тақырыбында өткізілген тәрбие сағатында қазіргі елімізде болып жатқан жағдайға байланысты тағы да түсіндірулер жүргізілді. Қазан айында рухани-адамгершілік бағытында «Қарттарым асыл қазынам!» тақырыбындағы тәрбие сағатында үлкендерді, қарттарды сыйлау, құрметтеу керектігі жөнінде, отбасындағы үлкен кісілер ата-әжелері туралы әңгімеленді. Ұлттық тәрбие бағытында «Өз жеріңді таны» сынып сағатында туған өлкеміз Байғанин ауданы туралы, оның көрнекті жерлері, пайдалы қазбалары, өлкемізде кездесетін жануарлар, өсімдік түрлері туралы әңгімеленді. «Әдептілік - әдемілік» атты сынып сағатында сәлемдесу әдептілік белгісі екендігі, үлкендермен амандасып жүру керектігі айтылды. «Әлеуметтік желі мәдениеті» ақпараттық сабақта әлеуметтік желі туралы, оның пайдасы мен зияны туралы ақпарат берілді. Екінші тоқсанда тәрбие сағаттары жоспар бойынша жүргізілді. Қараша айында азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағытында «Астана менің мақтанышым», отбасы тәрбиесі бағытында «Біздің тату-тәтті отбасы», экологиялық тәрбие бағытында «Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында, салауатты өмір сүру салты бағытында «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» тақырыбында өткізілген тәрбие сағатында қазіргі елімізде болып жатқан жағдайға байланысты тағы да түсіндірулер жүргізілді. Желтоқсан айында азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағытында «Тәуелсіздік-елдігімнің тұмары, ерлігімнің шынары», рухани-адамгершілік бағытында «Қазақтың әйгілі күйші композиторы, халық әртісі Д.Нұрпейісованың туғанына 160 жыл», зияткерлік тәрбие беру бағытында «Кітап-ақылшың, әрі досың» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған тәрбие сағатында тәуелсіздік жетістіктері, желтоқсан оқиғасы туралы әңгімеленді. Жаңа жылдық ертеңгілік өткізілді. Балалар өте қызығушылықпен қатысты. «Бастауыш - білім негізі» атты апталыққа балалар қызығушылықпен қатынасты. «Қызық екен» интеллектуалды ойынында Талғатұлы С, «Кітап оқу – сән» мәнерлеп оқу сайысында Арыстан Н І орын, көркем жазу сайысында Табынов Е, Ибрагим А жүлделі орындарға ие болды. Үзіліс кезіндегі ұйымдастырылған ойындарға да зор ынтамен қатысты. 8 наурыз мерекесіне орай қыз балаларға аз ғана сыйлықтар беріліп, ер балалар тілектерін айтты. Наурыз мерекесінде «Наурыз - жыл басы» сынып сағаты ұйымдастырылып, балалар ұлттық тағамдар, сусындар, наурыз көже туралы мағлұматтар алып, дастарханнан дәм татты, әндер шырқады. 4-тоқсан бойыша тәрбиенің әр бағыты бойынша «Жақыныңа жанашыр бол», «Біз табиғатты қорғаймыз», «Ұлттар достығы» сынып сағаты, «Ер намысы – ел тыныштығы» ҰОС ардагерлеріне тағзым, «Тәуелсіздік ел тірегі – білімді ұрпақ» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Жыл бойынша жоспарлаған тәрбие іс-шаралары орындалды.

Сынып жетекшісі:



Сәуірбай А. Б.